

ҒТАХР 14.07.09

БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕДАГОГТЕРІНІҢ МЕТАҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қ.Б. Жанадилова, Ә.Е. Жұмабаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
janadilova_karashash@mail.ru

Бұл мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін қалыптастырудың жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, бәсекеге қабілетті білім кеңестігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының негізгі мақсаттарының бірі - жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері арқылы білім алушылардың бойында шығармашылық ойлау мен метақұзыреттілігі қалыптастасқан жеке тұлға тәрбиелеу болып отыр. Қазіргі таңдағы басты мақсат білім беру жүйесіндегі білім мен біліктілікті тәжірибеде қолдана алу қабілеттілігі, яғни, шешуші құзыреттілікке жетуді көздейді. Сонымен қатар, ойлау мәдениеті, ақпаратты синтездеу, талдау, танымдық әдістер мен құралдарды қолдану, зияткерлік даму, оқыту және өзін-өзі басқару, кәсіби біліктілікті арттыру студенттердің назарында болуы тиіс. Болашақ педагогтердің қосымша білім мен дағдылар көлемін алудағы білімділік қажеттіліктерін қанағаттандыру ЖОО кәсіби маман даярлаудағы өзекті мәселесі ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: құзыреттілік, метақұзыреттілік, когнитивтік белсенділік, сыни ойлау, тәсілдер, шешуші құзырет.

Білім беру жүйесіндегі барлық өзгерістер білім беру қызметінің жаңа шарттарын қайта қарастаруға жатады, оның мақсаты бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда зияткерлік және мәдени адамгершілікті дамыту ғана емес, сонымен қатар болашақ маманның шығармашылық даралығы болып табылады. Атап айтқанда, бұл түбегейлі өзгеріс бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы мақсат жаңартылған білім беру мазмұнын жаңартуды көздейді. Болашақ бастауыш сынып педагогтерінің білім беру саласындағы жалпы мәдени, кәсіби және кәсіби құзыреттерді дамытатыны белгілі.

XVII ғасырдағы адамның бүкіл өмірі бойындағы алған ақпаратты қазіргі заманғы адам 1 айда ғана алады және өңдейді. Әлемде ақпарат әрбір екі жыл сайын екі еселенеді, бұл оны қарапайым жаттаудың мүмкін еместігін және пайдасыз екендігін көрсетеді.

Мұндай жағдайларда білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Сондықтан, ойлау мәдениеті, ақпаратты синтездеу, талдау, танымдық әдістер мен құралдарды қолдану, зияткерлік даму, оқыту және өзін-өзі басқару, кәсіби біліктілікті арттыру студенттердің назарында болуы тиіс. Яғни, жаңартылған білім мазмұнындағы оқу үдерісін ұйымдастыруда қолданылатын тәсілдер, әдістемелер, технологияларды және білім алушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау жүйесін озық меңгеруде білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін жаңа сапа метабілімділік пен **метақұзыреттілік** қажет. Ол үшін «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін - өзі дамытатын адамға ауыстыру қажет» [1; 3].

Шетелдік ғалымдардың зерттеулерінен матақұзыреттілікті "функционалдық сауаттылық" ретінде "кәсіби және өмірлік міндеттерді шешу үшін адами және қоғамдық ортамен өзара іс-қимыл жасаудағы практикалық қабілет" ретінде қарастыру керек. Метақұзыреттілікті басқару теориясы тұрғысынан "жұмсақ" дағдылар класына жатқызылады (ағылш. soft skills), ол маманға тұлғааралық өзара іс-қимыл, топта жұмыс істей білу, нақты жағдайда стандартты емес шешімдер қабылдау т.б. қабілеттері арқылы кәсіби қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді [2; 289].

Метақұзыреттілік термині де "Soft skills немесе икемді дағдылар" сияқты әмбебап біліктіліктер арқылы тұлғаны дамытуға бағытталады, оған:

- ойлаудың аралас түрі (мәселені шешу + мүмкіндіктер жасау);
- кәсіби ойлау;

- креативті қабілеттер;
- ынтымақтастық;
- эмпатия және эмоционалды интеллект;
- зейіннің шоғырлануын басқару;
- икемділік және бейімділік;
- дамуға деген көзқарас (сана-сезім, ақыл-ойдың өсуі);
- рефлексиялық қабілеті (ойлау) жатады [2; 273].

Жоғары оқу орындарында бастауыш сынып мамандарын даярлауда не үшін жұмсақ дағдыларды дамытуымыз қажет деген сұрақ әбден туындауы мүмкін?

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер, ақпараттық ресурстардың күн санап артуы, білім берудегі жаңашылдықтардың өзі әмбебап дағдыларды қажет етеді.

Е.В. Резчикованың көзқарасы бойынша да, бізде метақұзыреттілікті барлық кәсіби құзыреттердің тиімді іске асырылуын қамтамасыз ететін әмбебап құзыреттер тобына жатқызамыз. Ғалым метақұзыреттілікті жүйеден тыс, белгілі емес және жоғары (шығармашылық, креативті) деңгейіндегі құзырет ретінде позициялануы мүмкін екенін қосымша көрсетеді [3].

Метақұзыреттілік мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін әмбебап кәсіби құзыреттілік немесе жоғары білім беру жүйесінде мәтапәндік нәтижелер негізінде көрінеді. Бұл әмбебап дағдылардың жиынтығы болашақ мамандардың кәсіби қызметте жетістікке жетулеріндегі іс-әрекеттерінің мақсат міндеттерімен байланысты өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге негізделеді.

Е.В. Сизова еңбектерінде метақұзыреттілікті бірнеше негізгі топтарға бөледі: әлеуметтік-мәдени (кұндылық бағдары, этикалық нормалар мен қағидалар); метакогнитивті (метатаным, метадағдылар, метакогнитивтік белсенділік, метакогнитивті тәжірибе, сыни ойлау); коммуникативті (ұтқырлық, қарым-қатынас дағдылары); өзін-өзі тану құзыреттілігі (үздіксіз білім алу мүмкіндігі, уақытты басқару, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі тәрбиелеу); денсаулық сақтау саласындағы құзыреттілік және қауіпсіз орта; шығармашылық құзыреттіліктер (жаңашылдық, креативтілік) және т.б. [4; 11].

Сондықтан метақұзыреттілікті субъектінің көптеген қызметінің құзыреттілік құрылымына кіретінін ескерсек, қазіргі білім беру жүйесіндегі бізге қажетті дағдылар мен ойлауды үйреніп, енді қажет емес дағдыларды алып тастау қажеттілігі тууы мүмкін екенін ескеруіміз керек.

Л.М. Ордобоева метақұзыреттілікті зерттеу мәселесінде алдымен кәсіби білім беру, білім менеджменті, құзыреттерді басқару (Kompetenz management) салаларына назар аударады. Онда метақұзыреттілік ұғымының ең мазмұнды анықтамалары берілген, бұл тез бейімделуге, жаңа жағдайларға үйренуге, үздіксіз оқуға/білім алуға даярлық, бар білімдерді, икемдерді, қабілеттерді қызметтің жаңа объектілеріне тасымалдауға даярлық ретінде қарастырады [5; 144].

Бүгінгі қоғамда оқушының академиялық-энциклопедиялық білім жиынтығы жеткілікті болғанымен, күнделікті өмірде кездесіп отырған түрлі жағдаяттарда икемсіздігі байқалып жататынын атап көрсетеді. Бұл оның өмір сүру үдерісінде қажетті құзыреттердің қалыптаспағандығын айғақтайды. 12 жылдық мектептегі жаңа мазмұнда оқыту оқушының осы шешуші құзыреттіліктерін қалыптастыруды мақсат етеді. Демек, білім мазмұны оқушы бойында мемлекет тапсырыстарын, оқушының қажеттілігін қанағаттандыратын шешуші құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Елбасының Жолдауында адамның өмір бойы білім алуына жағдай туғызуымыз керек деуі, яғни білім мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, жас ұрпақтың бойында өзіндік бағдарын айқындауға мүмкіндік беретін, табысты өмір сүруге жол ашатын құзырлылыққа жеткізетін шешуші құзыреттіліктерді қалыптастыру қажет екендігін айғақтайды. Яғни, пән мазмұнында «мен жасаймын» әрекетінің қарастырылуы – шешуші құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі көзі. Шешуші құзыреттілік – бұл пәндік білімдер жиынтығы емес, бұл – жаңа сапа, алынған білім мен біліктілікті тәжірибеде қолдана алу қабілеттілігі. Соңғы кездерде білім беру нәтижелерінің құзыреттілікке бағдарлануы мәселесінің күн тәртібіне қойылуы «құзыреттілік» ұғымына берілетін анықтаманың да дәлдене түсуін қажет етуде. Қазақстан Республикасы 12 жылдық жалпы орта білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жобасында «Құзыреттілік – әрекеттің әмбебап тәсілдерін оқушы игеруі арқылы көрінетін білім беру нәтижесі» деп көрсетілген. Әрине, бұл жердегі әрекет – танымдық әрекет. Құзыреттілік нәтижесі мен білім

нәтижесі бір емес. Білім нәтижесі білім беру пәндері арқылы көрінетін болса, құзыреттілік нәтижесі пәнаралық қызмет арқылы көрінеді. Яғни, пән мазмұнында «мен жасаймын» әрекетінің қарастырылуы – шешуші құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі көзі. Шешуші құзыреттілік – бұл пәндік білімдер жиынтығы емес, бұл – жаңа сапа, алынған білім мен біліктілікті тәжірибеде қолдана алу қабілеттілігі [6; 32].

Демек, біздің зерттеулеріміз бойынша құзыреттілікті – біріншіден, білім беру үдерісіндегі білім, білік, дағдылардың түпкі нәтижесін көрсетуі; екіншіден, нәтижеге бағдарлана берілген білімнің негізгі көрінісі; үшіншіден, шешуші құзыреттілік адам бойындағы сапалар мен іс-әрекетіндегі үйлесімділік (ақпараттық, құқықтық, басқарушылық, психологиялық және т.б.). екеніне назар аударады.

Қазіргі білім беру парадигмасының нәтижеге және жеке тұлғаға бағдарлануы туралы ғалым Ш.Т. Таубаева барлық дамыған елдердегі білімнің практикалық құндылығын арттыру мақсатында оқушылар бойында қажетті сапаларды қалыптастыру үшін олардың функционалдық сауаттылығын дамытуды қарастырады. Заман өзгеруіне байланысты парадигмалардың ауысып отыруы - заңды құбылыс. Оны философиялық заңдар да дәлелдейді. Ал педагогикалық парадигма дегеніміз - нақты педагогикалық міндеттерді шешудегі үлгі, стандарт, өлшемдер, модель ретінде ұстанатын, қалыптасып қалған негізгі ғылыми жетістіктер, әдістер, теориялар, көзқарастар жүйесі. Жаңа парадигмалар келешектегі ғылыми зерттеулердің бағыттарын анықтайды. Мысалы: қазіргі отандық педагогикада мынандай парадигмалардың ауысуы байқалады: «білімді адам» парадигмасының орнына «өмірге бейімделген, белсенді, шығармашылық тұрғыдан ойлай алатын және өзін-өзі адамгершілік, ақыл-ой жағынан дамытуға қабілетті адам» парадигмасының ауысуы айқын көрінеді. Яғни, бұрынғы көзқарастар бойынша адамға білім, білік, дағды жүйесін меңгерту жеткілікті деп есептелінген болса, қазір ол жеткіліксіз. Себебі, адам тек дайын білімдерді меңгерген болса, бірақ оны шығармашылық пен практикада қолдана алмаса, өзін-өзі жетілдіріп отыруға бейімделмеген болса, онда бұндай адам қоғам талабына жауап бере алмайды.

Қазіргі білім беру жүйесі педагогикалық жаңашыл идеяларды енгізуге дайын, ашық салаға айналып келеді. Осыған байланысты білім беру парадигмасы да өзгерді: адамның еркіндігін шектейтін білім берудің қатаң жүйесінің орнына өзінің қызығушылықтарына, қабілеттеріне сәйкес жеке білім алу жолын (треакториясын) саналы түрде тандай алатын адам парадигмасының ауысуы орын алуда [7; 12].

Болашақ маман даярлауда да бұл парадигманың өзгеруі қоғам талабы мен қатар маман даярлаудағы өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Ең бастысы, метақұзыреттілік - мамандықты табысты игеруге әсер ету мәселелеріне бағытталған, тұлғаның басты сипаты ретінде көшбасшылық сапаларды, коммуникативтік және басқару дағдыларын, топта жұмыс істей білуді, мақсатқа жетуді, табандылықты, іскерлікті, мансапқа ұмтылуды, өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті, сыни және аналитикалық ойлау қабілеті, жұмысқа орналасу қабілеті, эмоциялық интеллект және т.б. көрінеді. Метақұзыреттілік басқа құзыреттерге қарағанда жоғары тұру ретінде қарастырылады, соның негізінде жаңа қабілеттер мен қасиеттерді игеруге және дамытуға болады.

Біздің зерттеу пәніміз педагогикалық жоғары оқу орындарында бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы жалпы білім беру жүйесіндегі метақұзыреттілігін дамытудағы дайындығы болып табылады. Ертеңгі күні ЖОО-ны аяқтанған соң да, білімдерін жетілдіруде оқуға деген қабілеттілік, біліктері мен дағдыларын дамытуда метақұзыреттілік басты назарға алынуы тиіс:

- өз бетінше ақпараттық-танымдық іс-әрекетке дайындығы және қабілеті;
- әртүрлі сөздіктерден қажетті ақпарат алу дағдыларын меңгеру;
- әртүрлі ақпарат көздерінде бағдарлай білу, әртүрлі деректерден алынған ақпаратты сыни бағалау және интерпретациялау;
- практикалық тапсырмаларды шешу әдістерін өз бетінше іздеуге, танымның түрлі әдістерін қолдануға және т.б. қабілеті мен дайындығы.

Болашақ білім алушылардың гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми білім беру жүйесіндегі білім беру пәндерінің мазмұны мен педагогтың жұмысы тек пәнаралық өзара іс-қимылға ғана емес, сонымен қатар білім алушыларда білімнің әртүрлі формаларының рефлексиясы және қызметтің әмбебап әдістері (жобалау, модельдеу, құрастыру, болжау, жіктеу, схемалау және т.б.) негізінде ойлаудың жаңа түрінің дамуына да байланысты болуы тиіс. Бұл

ретте мағыналық оқу стратегияларын меңгеру білім алушыларды талдау жасауға, жинақтауға, бастысы бөліп көрсетуге, болжамдар құруға, сол арқылы әлем мен өз қызметін тұтас қабылдауға ие бола отырып, бір міндетті шешудің әртүрлі түрлерін табуға көмектеседі.

Мұндай жағдайда университеттік білім берудің маңызды міндеттерінің бірі жоғары педагогикалық білім беру жағдайында білім алушылардың арасында метапәндік нәтижелерді қалыптастыруға дайындау болып табылады. Бұл үшін, ең алдымен, білім алушылардың метапәндік тәсілді (метақабілет, метатаным, метадағды, метақұзыреттілік) жүзеге асыруға саналы дайындығының критерийлері мен аспектілерін тұжырымдау, сондай-ақ болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің элементтері ретінде метапән нәтижелері білім алушылардың өздерінде қалай қалыптасатынын анықтау қажет.

Benjamin Fauth, Jasmin Decristan т.б. еңбектерінде нәтижеге жету кезеңіндегі оқытушының құзыреттілігі ретінде, педагогикалық білім беру мазмұнын толық түсіне білуді, педагогикалық ынта-ықыласын алға тарта отырып, студенттердің қызығушылығымен оң байланысты екендігін көрсетеді және өзіндік тиімділік студенттердің жетістіктерімен байланыстырылады [8; 4]. Демек, оқыту сапасының үш өлшемін (когнитивтік белсенділік, қолайлы жағдай туғызу, топты басқару) аудиториядағы оқытушы мен білім алушының нақты өзара іс-қимылына қатысты екенін, нәтижеге жетудегі оқытушы мен білім алушының өзара іс-әрекеті негізіндегі оңтайлы шешімдерді де шешуші құзыретке жатқызуға болатынын көреміз.

Білім беру жүйесіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті, функционалды сауатты жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Метақұзыреттілік заманауи ұғым, алайда оны көбінесе студенттермен немесе жас мамандармен байланыстырады, сирек жағдайларда метақұзыреттіліктің жас ерекшелігіне қарамастан, үлкен жастағы қызметкерлерде де метақұзыреттілік қарастырылады.

Жоғарыдағы ғалымдардың пікіріне сүйенсек, метақұзыреттіліктің негізгі ұстанымдарына:

- үздіксіз білім алу қабілеті мен дайындығы, кемелділікке жету, өзін-өзі зерттеу және оқыту, кәсіби, жаңаға ұмытылу ұтқырлығы;
- сыни ойлау қабілеті;
- әртүрлі тәуекелдерді қабылдау қабілеті мен дайындығы, шығармашылық және кәсіпкерлік;
- өз бетінше жұмыс істеу және топта жұмыс істеуге дайындық, бәсекеге қабілетті ортада жұмыс жасауға дайын болуы, жоғары белгісіз ортада және тапсырма шарттарын жылдам өзгерту;
- жаһандану үдерістеріне тиімді қатысу үшін коммуникациялық құралдар ретінде шет тілдерін кеңінен білу;
- сандық және функционалды сауаттылық;
- зияткерлік;
- топпен жұмыс істей білу дағдылары;
- көшбасшылық қасиет;
- бастамашылық;
- IT құзыреттілік;
- қаржылық және азаматтық сауаттылық т.б.

Бастауыш сынып мұғалімінің метақұзыреттілігін дамытуға сәйкес берілген анықтамаларды алға тарта отырып, білім беру үдерісінде алған білімдерін жай ғана иеленіп қана қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне назар аудару болып табылады. Сондықтан болашақ бастауыш сынып педагогтерін даярлауда өздерінің кәсіби даярлығына жеткілікті уақыт бөлулерімен, студенттердің білімі мен дағдысын қалыптастыру ғана емес, жалпы алғанда оның оқуын барынша даралап, кәсіби даярлығын жетілдіру, өз бойларындағы метақұзыреттілікті – **жаңа міндеттерді шеше білу керектігін үйренуді** дамытуға мән беру. Білім беру жүйесіндегі түрлі оқыту стратегияларын, түрлі әдістер мен педагогикалық тәсілдерді шеберлікпен пайдалана біліп қана қоймай, қалай және қай жағдайда қолдана білу қажеттігі туралы білім қажет болады. Сабақ барысында қолданылатын білім беру стратегияларын қолдануда әрбір студентке ұсынылатын жеке кері байланысты естен шығармауы тиіс. Топтық жұмыстарға және жеке жүргізілетін зерттеулерге шығармашылық таныту қабілеті, студенттердің сабақ үстіндегі көңіл-күйлері, олардың

толғаныстары - кәсіби білімдерінің өз өмірлерінде қаншалықты маңызға ие екендігін ескеру. А.Қ.Әлімов бүгінгі күні педагогтың негізгі қызметтерін былай деп бөледі:

- ұйымдастырушы;
- менеджер (басқарушы),
- бағыт бағдар беруші
- ынталандырушы [10, 111 б.].

Педагог білім тасымалдаушыдан (қара жұмыс) білім әлеміне жол көрсетуші дәрежесіне (ізгі қызмет) нағыз ұстаздық қарекетті атқарушы болады. Ұстаз үйретпейді, бағыт-бағдар беретінін ескерсек, үйренушілердің танымдық процесін ұйымдастырушыға айналдырады.

Кәсіби мамандықты игеру саласында әрбір сабақтан үлгі алу үшін өз тәжірибелеріне қатысты рефлексия жасауға, яғни ой толғауға міндетті. Яғни, мамандық бойынша алған өздерінің зияткерлік дамулары мен рефлексивті механизмдерін білім беру үдерісінде де, әрі қарай кәсіби қызмет үдерісінде де пайдалана алады және әрі қарай дамытады.

Рефлексия – қайта ойлауға және өз әрекетінің нәтижелеріне талдау жасауға, өзін-өзі тануға бағытталған ойлау үдерісі. Қалай үйрену/үйрету керектігіне назар аударсақ, философиялық («Мен кімін? Қандаймын? Қайда бара жатырмын? Менің өмірімнің мәні мен мақсаты қандай?») және танымдық («Мен білемін? Мен не үйрендім? Бұл білімді қалайша қолдана аламын? Менің тағы да не білгім келеді? Мен оны қалайша білемін?») сұрақтар төңірегінде ой қозғау.

Келесі дағдылардың кейбірі рефлексивті оқыту тұрғысынан пайдаланылады:

- мәселелерді мойындау және оларды шешудің тиімді құралдарын іздеу;
- міндеттерді шешуде басымдықты белгілеу маңыздылығын және олардың басым мәнін түсіну;

- тиісті ақпаратты жинау және сұрыптау;
- нақты және түсінікті сипаттама беру;
- белгісіз жорамалдар мен құндылықтарды тану;
- шешімді қабылдау және дәлелдемелерді бағалау үшін нәтижелерді өз бетінше түсіндіру;
- шынайы қорытынды жасау;
- қол жеткізілген қорытындыларды растау;
- алынған тәжірибе негізінде позиция моделін түзету.

Бұл оларда сыни ойлау жолдары мен дағдыларын зерттеу, жазу және бағалауды талап етеді. Бұл қабілеттер мен дағдылар оқу үдерісінде белгілі бір дәлелдерді талқылау мен қарауды талап ететін тапсырмаларды орындау кезінде көрінеді. Осының арқасында олар, мысалы, саяхаттар мен көлік туралы біледі, өйткені олар осы адамдардың өмір жолы туралы айтқанда, тарихтағы өзгерістер мен үздіксіз ізденістер туралы білу, қоршаған орта мен адамның әлеуметтік-экономикалық өміріне әсер ететін технологиялар арасындағы қарым-қатынастармен танысу мүмкіндіктеріне ие болады. Сонымен қатар, гуманитарлық ғылым мен әлеуметтанудың кез келген балалық шақ пен отбасы, тамақтану, аспаздық оқыту мен аспаздық ілімі, киім-кешек пен дүкенге бару, бос уақыт пен спорт, музыка мен ойын-сауық сияқты кез келген аспектілерін талқылауға болады [11, 76 б.]. Білім беру үдерісінде сондай әдістердің бірі «Сыни ойлау мен оны жүзеге асыру». Адам қай уақытта ойлайды, алдындағы шешілетін проблемасы немесе жаңа ақпарат пайда болғанда ойлана бастайды. Яғни, бұл проблеманың жауабын табуға ұмтылыс жасайды. Соңына дейін ізденбей жатып, нүкте қоюы ақымақтық болуы мүмкін, ол үшін, әрине, дәлелді керек ететіні сөзсіз.

А.Қ. Әлімов өз еңбегінде сыни ойлау проблема шешуге бағытталуымен қатар (дербестік) ерекшеленеді: қандай да болмасын мәселе ақпарат бойынша түсінік қалыптастырып, оған тәуелсіз, тұрғыдан баға беру, дербес шешім қабылдау, «Сыни ойлау» ұғымында «сынау» яғни «кемшіліктерді айқындау» мағынасы жоқ екенін атап көрсетеді. Сыни ойлаудың мәнін «байыбына үңілу», «терең ойлау», «зерделеу», «екшеп-текшеп жан-жақты қарастыру», «өзіне сұрақ қойып, соның жауабын іздестіру» деп те келтіруге болады. Сонымен, сыни ойлау мынандай жағдайларда болады:

- кез-келген проблема не ақпаратпен өздігімен жұмыс жасағанда;
- кез-келген проблема не ақпараттық өзіндік тәжірибе (өмірлік, кәсіби) тұрғысынан қарастырғанда;
- кез-келген проблема не ақпарат туралы өзіндік (дербес) пікір қалыптастыру барысында;

- өз пікірі мен көзқарастарын тұжырымдап, оларды дәлелдеуде;
- бірлесе жұмыс жасағанда (топта, жұпта, командада);
- өзгелердің пікірін бағалап, қабылдағанда;
- ал сыни ойлаушының ерекшеліктері мынандай болды деп тұжырымдауға боларлық;
- кез келген проблема не ақпарат бойынша нақты сұрақтар қояды;
- ең маңызды жайттарды бөліп шығарады;
- проблема не ақпаратқа қатысты деректер қолданады;
- критерийлер мен стандарттар қолданылады;
- критерийлер мен стандарттарға негізделген қорытынды мен шешімдер келтіреді;
- өз пікіріне деген жоғары жауапкершілігі бар;
- ақпаратты бір мағыналық жүйеден екіншіге аударады (вербальдан визуалдыға немесе керісінше);
- қарастырып отырған мәселені басқаларымен салыстырады;
- балама ұсыныстар мен көзқарастарды тұжырымдайды;
- икемді болады: өз ойлары мен пікірлерін өзгерте біледі, қателерін мойындап, оларды түзейді.
- себеп салдарын анықтайды;
- талдайды, тұжырым жасап, қорытындылайды;
- мәселеге ауқымды тұрғыдан қарап, бірінші кезетте тек қомақты жайттарды бөліп қарастырады;
- шешім қабылдауға басқалармен тиімді түрде ынтымақтасады;
- ақпаратты шығармашылық тұрғыдан түрлендіреді;
- әртүрлі дерек көздерінен қажетті ақпарат табады, оның мазмұнын бағытын, мақсатын өздігінше түсінеді;
- өз әрекеттерін бақылайды, оларға баға береді, жақсарту жолдарын іздейді;
- басқалармен тіл табысып, ортақ баға береді, ортақ мәмілеге тырысады [12; 34].

Мұндай жағдайларды ескеруде, сұрақтарға жауап беру барысында педагогтың әмбебап құзыреттілігі дамыған болуы шарт. Себебі, метақұзыреттіліктің құзыреттіліктен кейін дамитындығын алға тартсақ, педагогтың де білім берудегі шеберлігімен қоса, оқушы пікірі кезінде өз ойын да салмақтай алуы керек. Сонымен бірге, неміс психологы F.E.Weinert жұмысында метақұзыреттіліктің мазмұны негізгі құзіреттіліктердің мазмұнымен сәйкес келмейді деген пікірді табамыз, өйткені негізгі құзіреттіліктердің астындағы қабілеттер белгілі іс-әрекет әдістеріне негізделген жоспарлы тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді және сол арқылы көрінеді. Бұл автордың пікірінше, метақұзыреттілік ең алдымен құзіреттіліктің болуын, оларды иелену, дамыту және қолдану мүмкіндігін бағалау қабілетіне негізделген [13; 13]. Сондықтан берілетін тапсырма немесе проблеманың өзін шешуде іс-әрекетке негіздеп, дәлелдеп шығаруды қажет ететіндігін көруімізге болады.

Сонымен қатар Lisbeth M. Brevik, Greta Bjork Gudmundsdottir, Andreas Lund, Torunn Aanesland Stromme өз еңбектерінде оқыту ортасын жақсарту үшін ақпараттық технологияны қолданудың инновациялық тәсілдерін жасау және технологиялық сауаттылықты, білімді тереңдету мен ынталандыру мәселелерін қарастырған. Олардың пікірі бойынша күрделі және сыни мәселелерді шешуде студенттердің метақұзыреттіліктері маңызды болып табылады. Бірақ бұл үшін мұғалімнің кәсіби білімі, білігі жан-жақты болуы қажет депте есептейді [14; 2].

Мұндай жағдайларда білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Алайда, тамыры тереңге кеткен ұстанымдар мұғалімнің жаңашыл идеяларды қабылдау қабілетін шектеуі мүмкін. Осыған байланысты, егер де, дайын білім беретін «дәстүрлі» стильмен оқытатын мұғалімдер сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастырғылары келсе, өздерінің де сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жаңашыл идеяларға көңіл көкжиегін ашулары керек.

Тағы бір жаңа тәсілдеме - табысты оқыту мен құзырлы мұғалім. Оқытудың сындарлы теориясына негізделген бағдарлама мұғалімнің алдына ең алдымен оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Сапалы оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушының тақырып мәнін өз бетінше меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып

табылады. Себебі, оқытудағы сындарлы тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша, оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп қабылдайды. Оқытудың сапасын **екі тәсіл** арқылы анықтауға болады.

Біріншісі, бағалау оқу қызметінің нәтижесіне байланысты болмай, мұғалімнің іс-әрекетінің тәжірибе талаптарына сәйкестігін, яғни мұғалім жұмысының тиімділігін, оқушылармен өзара байланысының сипаты мен жиілігін анықтау мақсатында жүргізіледі. Бұл жағдайда баға мұғалім жұмыс істейтін оқушыларға байланысты қарастырылып, оқыту үдерісіне тәуелді болмайды.

Оқыту сапасын бағалаудағы **екінші** тәсіл жай ғана кәсіби міндеттерді жауапкершілікпен орындағаннан гөрі, көбірек күш-жігерді талап ететін сапалы әрі табысты оқытуға ерекше көңіл бөледі. Табысты оқыту білім беру үдерісіне тәуелді болғандықтан, оқытудың шын мәнінде жүзеге асырылуы мен құзіреттілік, шеберліктің деңгейі қаншалықты екенін де саралай білу қажет. Сонымен қатар оқушылардың жай-күйі мен әлеуметтік ортасының сипатын, мүмкіндіктерінің дәрежесі мен қолжетімділік деңгейін білу қажет. Осыған байланысты сынып туралы мән мәтіндік мәлімет қажет болады [15; 7]. Бұдан шығатын қорытынды бастауыш сынып педагогтерін даярлауда оқушыларға ықпал ететін, белсенді жұмыс жасайтын оқушыларға қамқор көрсете білу, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, өз көзқарастары тұрғысынан білім мен тәжірибені қалыптастыратын, білім алушылардың білім алу бағдарламасын жетілдіруде кері байланыс орната білу, сабақтың сапалы және нәтижелі табысты өтуіне, бағалаудағы әртүрлі олқылықтарға жол бермей, бастапқы ойдан туындайтын идеяларды жандандырып, толық бере алатындай, өзі идея ұсынбай, бастапқы ойды құруына түрткі болатындай, бойындағы бар құзыреттіліктің жиыны ретінде метақұзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Н.В. Бордовскаяның пікірінше: «Метақұзыреттілік - бұл «жаңа сапа» немесе студент пен педагогтың үнемі «дамытатын» қабілеті» деп, атай келе, метақұзыреттіліктің мәнін анықтауға қатысты қолданыстағы тәсілдерді талдау негізінде мынандай қорытындыға келеді: метақұзыреттілік жоғары құзыреттілік болып саналады, соның негізінде жаңа қабілеттер мен қасиеттерді игеруге және дамытуға болады [16; 215].

Қорыта айтқанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда күнделікті әрекеттегі қолданыстан бас тартып, білім берудің метапәндік тәсіліне назар аударуы керек, метақұзыреттіліктерді сабақ барысында ғана емес, үйде де дамытуы керек. Бұл метапәндік көзқарас аясында оқытушы мен білім алушы үнемі шығармашылық ізденісте болатын оқу іс-әрекетінің субъектілері болып табылатындығына байланысты. Болашақ бастауыш мектеп педагогтарын даярлаудағы студенттердің метақұзыреттілігін дамытудың келесі әдістері қолданылады:

1. Интербелсенді әдістер (топ құру тренингі, ойын-симуляция, рөлдік ойындар, ойын жобалау, сахналау әдістері, мастер-кластар);
2. Креативті әдістер (ми шабуылы, креативті тренинг, шығармашылық шеберханалар);
3. Когнитивті әдістер (проблемаға бағытталған дәрістер, іскерлік ойындар), интеллект-карталар, кейс-әдістер);
4. Рефлексивті әдістер (топтық пікірталас, видеотренинг, философиялық тренинг).

Сонымен қатар, білім алушылардың өз бетімен білім алуына, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алуына, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайындау, сандық технологияларда құзырлық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптастыруға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз етуге жағдай жасау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. Астана, 2017.
2. Шэпер Х. (2009) Ключевые компетенции в обучении и профессии. О приобретении ключевых компетенций и их значении для профессиональной деятельности выпускников вузов //Болонский процесс: Результаты обучения и компетентностный подход (книга-приложение 1) / Под науч. ред. д-ра пед. наук,

профессора В.И. Байденко. М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов. С. 289-297

3. Резчикова Е.В. (2012) Дидактические основы формирования метакомпетенций // Материалы IV конференции «ТРИЗ. Практика применения методических инструментов». <http://www.metodolog.ru/node/1618>

5. Сизова Е.В. (2018) Педагогические особенности подготовки будущих учителей биологии к работе по формированию метапредметных результатов обучающихся основной школы средствами смыслового чтения: дис.... канд.пед.наук. Ростов-на-Дону. – 156 с.

6. Ордобоева Л.М. (2014) Метакомпетенция как компонент содержания профессиональной иноязычной подготовки студентов в языковом вузе // Вестник Московского государственного лингвистического университета. № 14(700). С.144–153.

7. Жұмабаева А.Е. (2009) Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы. - 363 б.

8. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. (2017) Педагогика. - Алматы: ОНОН. - 340 б.

9. Benjamin Fauth, Jasmin Decristan, Anna-Theresia Decker, Gerhard Büttner, Ilonca Hardy, Eckhard Klieme, Mareike Kunter (2019) The effects of teacher competence on student outcomes in elementary science education: The mediating role of teaching quality. Teaching and Teacher Education Volume 86 November 2019, 102882.

10. Әлімов А.Қ. (2011) Оқытудың инновациялық әдістемелері мен технологияларын жоғары оқу орындарында қолдану тәжірибесі. Алматы. - 179 б.

11. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ (2016) Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Педагогикалық шеберлік орталығы - 281 б.

12. Әлімов А.Қ. (2014) Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. Астана. - 188 б.

13. Weinert F.E. (1999) Concepts of competence. Contribution within the OECD project “Definition and selection of competencies: Theoretical and conceptual foundations (DeSeCo)”. Neuchatel: DeSeCo. P. 3-34.

14. Lisbeth M. Brevik, Greta Bjork Gudmundsdottir, Andreas Lund, Torunn Aanesland Stromme (2019) Transformative agency in teacher education: Fostering professional digital competence. Teaching and Teacher Education 86. 102875.

15. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ (2015) Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру деңгейлі бағдарлама негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғарғы оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша білім беру бағдарламасы. Студенттерге арналған нұсқаулық. - 181 б.

16. Современные образовательные технологии: учебное пособие (2013) / коллектив авторов; под ред. Н. В. Бордовской. 3-е изд., стер. М.: КНОРУС. – 432 с.

Особенности применения новых методов обучения в формировании метакомпетентности педагогов начальных классов

К.Б. Жанадилова, А.Е. Жумабаева

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

janadilova_karashash@mail.ru

В статье рассмотрены пути формирования метакомпетентности будущих учителей начальных классов. Одной из основных задач реформы казахстанского образования, направленной на создание конкурентоспособного образовательного пространства, является воспитание личности, в которой у обучающихся формировалось творческое мышление и метакомпетентность посредством методов и приемов нового обучения. Основная цель в современном мире заключается в способности применять знания и умения на практике в системе образования, т. е. достичь ключевых компетенций. Кроме того, культура мышления, синтез, анализ информации, применение познавательных методов и средств, интеллектуальное развитие, обучение и самоуправление, повышение профессиональной квалификации должны быть в центре внимания студентов. Удовлетворение образовательных потребностей будущих педагогов в получении объема дополнительных знаний и навыков рассматривается как актуальная проблема профессиональной подготовки в вузе.

Ключевые слова: компетентность, метакомпетентность, когнитивная активность, критическое мышление, приемы, ключевые компетенции.

Features of application of new teaching methods in the formation of metacompetence of primary school teachers

K.B. Zhanadilova, A.E. Zhumabaeva

Kazakh National pedagogical university after Abai, Almaty, Kazakhstan

janadilova_karashash@mail.ru

In this article, the ways of forming metacompetence of future primary school teachers are considered. One of the main goals of the reform of Kazakhstan's education aimed at creating a competitive educational space is to develop a personality in which students formed creative thinking and metacompetent methods and techniques of new learning.

Currently, the main goal is to be able to apply the acquired knowledge and skills in to achieve key competencies. In addition, the culture of thinking, synthesis, analysis of information, application of cognitive methods and tools, intellectual development, training and self-management, and professional development should be the focus of students' attention. Meeting the educational needs of future teachers in obtaining a volume of additional knowledge and skills is considered as an actual problem of professional training at the University.

Key words: *competence, metacompetence, cognitive activation, critical thinking, techniques, key competencies.*

Редакцияға 15.01.2020 түсті.